

Рейтингтік агенттіктермен жұмыс жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 13 наурыз N 387.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.10.30. N 1379
қаулысымен. ~P011379

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимылы жөніндегі қызметін үйлестіру мақсатында және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылдың екінші жарты жылдығына және 2000 жылға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі

іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 тамыздағы N 1108

Р 9 9 1 1 0 8 _

қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай құрамда Рейтингтік агенттіктермен жұмыс жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын:

Өтембаев - Қазақстан Республикасы Премьер-
Ержан Әбілхайырұлы Министрінің орынбасары, төраға

Сәйденов - Қазақстан Республикасының
Әнуар Ғалимоллаұлы Қаржы вице-министрі, төрағаның
орынбасары

Ақанов - Қазақстан Республикасының
Серік Ахметжанұлы Экономика бірінші вице-министрі

Құдышев - Қазақстан Республикасының Ұлттық
Мұрат Тиышбекұлы Банкі төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Жолдасбеков - Қазақстан Республикасы
Азамат Мырзаданұлы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының төрағасы
(келісім бойынша)

Қуанышев - Қазақстан Республикасы
Дулат Оразбекұлы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің
төрағасы

Жолдасбаев - Қазақстан Республикасының
Сансызбай Елеусізұлы Статистика жөніндегі агенттігі
төрағасының орынбасары

2. Комиссия туралы ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 13 наурыздағы
N 387 қаулысына
қосымша

Рейтингтік агенттіктермен жұмыс жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы

ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Рейтингтік агенттіктермен жұмыс жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, негізгі қызметі борыштық

міндеттемелер эмитентінің несиені өтеу қабілетінің тәуелсіз бағасын беру болып табылатын халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл бөлігінде ұсыныстар әзірлейді.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарын, уәкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

3. Комиссияның негізгі міндеті:

- 1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимылы жөніндегі шараларды үйлестіру;
- 2) ақпараттық процестерді басқару тетігін жетілдіру және рейтингтік агенттіктермен ақпараттық өзара іс-қимылды жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

3. Комиссияның қызметі

4. Комиссия өзіне жүктелген тапсырмаларға сәйкес заңдармен белгіленген тәртіпте мынадай қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) Комиссияның жұмыс органы дайындаған рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл жөніндегі ағымдағы істердің жай-күй туралы материалдарды қарайды;
- 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары рейтингтік агенттіктерге беретін қажетті ақпаратты уақтылы жинау және өңдеу жөніндегі жұмысты үйлестіреді;
- 3) рейтингтік агенттіктермен тұрақты түрде ақпараттар алмасу жүйесінің жұмыс істеуіне және жетілдіруіне жағдай жасайды;
- 4) рейтингтік агенттіктермен неғұрлым тиімді өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;
- 5) Қазақстан Республикасындағы саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайды сипаттайтын ақпарат қамтылған рейтингтік агенттіктер беретін материалдарды дайындау процесін үйлестіреді;
- 6) Қазақстан Республикасының несиелік рейтингін тиісті қайта қарауды дайындау кезінде көмек көрсету жөніндегі несиелік-рейтингтік кеңесшілерді тағайындау туралы ұсыныстар әзірлейді;
- 7) әр түрлі капитал рыноктарында қарыз алудың басым нұсқаларын қарайды және оларды мемлекеттік қарыз алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың қарауына енгізеді;

8) халықаралық рейтингтік агенттіктердің ішкі рейтингтік агенттіктер ретінде қазақстандық қаржы рыногында жұмыс істеуі үшін Қазақстан Республикасында өздерінің еншілес бөлімшелерін құруына ықпал жасайды;

9) Қазақстан Республикасында рейтингтік агенттіктер өкілдерінің кездесулер өткізуін және сапарларын ұйымдастыруды үйлестіреді;

10) Комиссияның жұмыс органы енгізетін өзге де мәселелерді қарайды.

4. Комиссияның құқықтары

5. Комиссия өзіне жүктелген тапсырмаларды жүзеге асыру және міндеттерін орындау кезінде:

1) өз құзыреті шегінде рейтингтік агенттіктермен неғұрлым тиімді

өзара іс-қимыл жасау мақсатында хаттамалар түрінде шығарылатын ұсынымдық сипаттағы шешімдер қабылдау;

2) Комиссияның құзыретіне қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге ұсыныс енгізу және қатысу;

3) министрліктерден, агенттіктерден, жергілікті атқарушы органдардан және Үкіметтің құрамына кірмейтін өзге де мемлекеттік органдардан өзінің құзыретіне енетін мәселелер бойынша қажетті ақпаратты сұрату;

4) қаралатын мәселелерге қосымша сараптама бағасын жүргізу үшін орталық атқарушы органдардың қызметкерлері арасынан сарапшыларды тарту құқығына ие.

5. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

6. Комиссияның органдары:

1) жұмыс органы;

2) Комиссияның төрағасы;

3) төрағаның орынбасары.

7. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссияның мәжілістеріне төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауапты болады. Комиссияның төрағасы болмаған уақытта, оның міндетін орынбасары орындайды.

8. Комиссия және оның дербес құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен құрылады және таратылады.

9. Комиссияның мәжілістері қажеттілікке орай, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес, оның мүшелерінің кемінде жартысы болған кезде өткізіледі.

10. Комиссияның мәжілісіне Комиссияның құрамына кірмейтін компаниялар мен ұйымдардың өкілдері шақырылуы мүмкін.

11. Комиссияның жұмысы ағымдағы және перспективалық жоспарлардың негізінде жүзеге асырылады.

12. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен қабылданады және егер олар үшін Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілгенде, қабылданды деп есептеледі. Шешімдер қабылдау кезінде Комиссия мүшелері тең дауысқа ие болады. Дауыстар тең бөлінген жағдайда Комиссия Төрағасы дауыс

берген шешім қабылданды деп есептеледі.

13. Комиссия мәжілістерінің күн тәртібіндегі мәселелерді қараудың нәтижелері әрбір мәселе бойынша дауыс берудің қорытындылары көрсетіле отырып, Комиссия мәжілістеріне қатынасқан Комиссия мүшелерінің қолдары қойылатын тиісті хаттамаларға енгізіледі.

14. Комиссияның жұмыс органы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі болып табылады.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.